

XFTAP 14.07.05

Қ.Қ. Шалғынбаева, А.М. Сүлеймен

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kadisha1954@mail.ru, ainura_suleimenova1993@mail.ru)*

Ұрпақтар сабақтастығын сақтауда халықтық тәрбиенің рөлі

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта әлеуметтік мәселе ретінде ұрпақтар сабақтастығы және өзекті мәселердің бірі «қарттар үйінің» көбеюінің себеп салдары жайлы қарастырылады. Ұрпақтар сабақтастығын сақтауда отбасының және халықтық педагогиканың рөлі мен маңызы көрсетіледі. Халықтық тәрбие бұл ұрпақтар сабақтастығының сақталып, ары қарай үйлесімді жалғасуында басты рөл атқаратынын жеткізеді. Халықтық тәрбие жайлы тек қазақ халық педагогикасының ғана өкілдері емес сонымен қатар, шет елдік ғалымдардың да ой пікірлері жазылған. Мақалада «қыз бала», «ұл бала» тәрбиесі, «жеті ата» институты, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет жайлы мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: сабақтастық, ұрпақтар сабақтастығы, қарттар үйі, отбасы, тәрбие, халықтық педагогика, салт-дәстүр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-105-111>

Кіріспе. Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаңа технологиялық желімен қамтылған. Барлық нәрсе жаңаруда және жаңғыртылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «... Қазақ тарихында жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютерлердің рөлін атқарып күн сайын өз жадын өзі мыңдаған есе көбейтіп отырған. Бұл сияқты күн сайынғы байланыс, жеті аралық ұстаным бойынша болып жататын аралас-құраластық қазақтардың ру, жүз, этнос туралы танымын бірте бірте кеңейтіп, бүкіл халықтың білім өрісінің биіктеуіне себепші болған» деп жазады. [1, 39 б.] Расында, аға ұрпақ жеті аталық ұстаным бойынша әркім өзінің ата бабасын ғана біліп қоймаған, сонымен бірге олардың ұлағатты істерін, мінез-құлық ережелері мен қалдырып кеткен мәдени мұраларын танып-біліп, жадында сақтап отырған. Яғни, Елбасы ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы сақталып келген халықтық педагогиканың құралдарын: халық ауыз әдебиетін; салт-дәстүрлер; әдет-ғұрыптар; жеті аталық ұстаным және т.б., асыл мұраларды ұлы даланың желілі ғажайып компьютерлері іспеттес дегені. Бұл дала компьютерлері бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған. Бұндай сенімдер әр қазақтың тарихи нақтылы деректі өз жүрегімен сезінуіне негізделген. Демек, қазақ қоғамында ұлттық құндылықтарды: ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық код, ұлттық сана, ұлттық сезім және т.б., құндылықтар сақталып ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырған.

Зерттеудің мақсаты. Мәселен, философиялық энциклопедиялық сөзікте сабақтастыққа мынадай анықтама берілген: «*Сабақтастық - дамудың әртүрлі кезеңдерінің немесе сатыларының арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге көшу барысында тұтас нәрсенің қандай да бір элементтерін сақтап қалу*», - делінген [2, 256 б.]. Физиологиялық сабақтастық - тұқым қуалаушылық, генотип, материалдық және экономикалық - мұрагерлік, рухани-білім беру арқылы қамтамасыз етіледі. Зерттеуші ғалым Э.А. Баллердің анықтамасында ұқсастықты байқауға болады: «**Сабақтастық** тұрмыстың, танымның дамуының әртүрлі кезеңдерінің неміс сатыларының арасындағы байланыс, оның мәні тұтас нәрсенің жүйе ретінде бір күйден екіншісіне ауысқан кезде, бүтіннің элементтерін немесе

оны ұйымдастырудың жекелеген жақтарын сақтап қалуды білдіреді. Сабақтастық осы шақты өткен шақпен байланыстыра отырып, бүтіннің тұрақтылығын қамтамасыз етеді» - делінген [3, 196 б.]. Диалектикалық материализм тұрғысынан алғанда «...сабақтастық - бір деңгейден екіншісіне бара жатқан әрбір дамудың міндетті шарты, негізі» болып табылады. Тарихи сабақтастық бүкіл қоғамдық ілгерілеудің қажетті шарты. Сабақтастыққа талдау жасамайынша даму диалектикасын түсіну мүмкін емес, яғни сабақтастық-үздіксіз дамудың шарты. Сабақтастықтың көріністері алуан түрлі болып келеді, соның ішінде отбасылық сабақтастық, тарихи сабақтастық, жоғарыда айтып өткеніміздей ұлттық дәстүр сабақтастығы, құндылықтар сабақтастығы, ұрпақтар сабақтастығы және т.б. [4, 26-27 б.]. Біз «халықтық педагогика» тұрғысынан ұрпақтар сабақтастығы және отбасылық сабақтастыққа тоқталамыз. Бұл екі сабақтастық өзара байланысты, себебі ұрпақтар сабақтастығының сақталуының негізгі кепілі бұл отбасы тәрбиесінен бастау алады.

Халықтың бала тәрбиесіндегі отбасы туралы құнды идеялары ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жүйелі көрініс алған. Адамгершіліктің негізі отбасында қаланады деп мына төмендегідей ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты ақыл-кеңестер береді:

1. Баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуына көңіл бөлу ата-ананың парызы деп білу;
2. Балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру;
3. Баланы аруақтарды ардақтауға, ата-баба дәстүрін сақтауға, құрметтеуге, ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізе білуге баулу («Саған арнап сөз сөйледім, ей ұлым, Өсиетімді қабыл алғын, құлыным!», «Қалар мұра - сөз кісіден кісіге, Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе»);
4. Балаға өзінің (ата-ананың) мінез-құлық этикасымен үлгі болып, күнделікті өмірде қолданылатын мінез-құлық ережесін үйрету, түсіндіру («Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер, Қос жалғанда бірдей көріп күлімдер»);
5. Ата-ананың өзінен туған балаға тәрбиені өзінің беруі («Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдында, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма»);
6. Баланы қайырымды, меірімді болып өсуіне назар аудару («Қайырымды бол қырық қатпар ғаламға, Көзіңді ашып, білім берген адамға», «Қайда жүрсең, жасай көрме бетсіздік, Самарқаулық, ұмытшақтық, тексіздік»);
7. Балаға өмірдің әр сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттігін ескерту («Кешкен тірлік өте берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз. Қалған күнді текке зая кетірме, өлімді ибадат қып бекін де», «Кісі мәңгі болмас, мәңгі –ат, ары, Мәңгі қалар оның жақсы атағы») және т.б. Бұл ақыл-кеңестер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған емес, өйткені олар бала тәрбиесіне байланысты заманауи қоғамның ата-аналарға қойып отырған педагогикалық талаптарымен үндесіп жатыр [5, 55 б].

Ұрпақтар сабақтастығы - Ата, Әке, Бала арасындағы берік үдеріс. Ұрпақтар сабақтастығы тәрбие үдерісі арқылы қамтамасыз етіледі. Халық өзінің қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға буынның кіші буынға берген еншісіндей ұрпақтан ұрпаққа беріп, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын жасайды. Ұрпақтар сабақтастығы адамзаттың өткен тарихында жасалған жақсы нәрсенің бәрін ұрпақтардың бойына сіңіріп, дамытуына, қоғамның рухани құндылықтарының алуан түрін жаңа жағдайларда байытуына жол ашады.

Тарихы. Сондықтанда біз ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың негізгі тетігі бұл «халықтық тәрбиеде» деп ерекше атап көрсете аламыз. Себебі, «Халықтық тәрбие» - сан ғасырлар бойы аға буыннан кіші буынға тәжірибе мен білімді, білік пен дағдыны, тұрмыс философиясын, даналықты, этиканы, балаларды оқыту мен тәрбиелеу көзқарастарын беретін өз алдына «өмір оқулығы» болып табылады. Оның өзінің құралдары бар соның бірі ауызекі

шығармашылық.

Халықтың ауызекі шығармашылығы-педагогикалық идеялардың сарқылмас көзі. Ол ұрпақтардың рухани сабақтастығын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және халықтың жазылмаған, бірақ ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық кодексін бойына сіңіргендіктен, адамгершілік тәрбиесінің халықтық теориясына негіз болады. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский былай дейді: «Халық ұрпақтары бірінен кейін бірі өтіп жатады, бірақ әрбір ұрпақтың өмір нәтижелері кейінгілерге мұра болып тілде қалады. Ана тілінің қазынасына ұрпақтар бірінен соң бірі терең жан тебіреністерінің жемісін, тарихи оқиғалардың желісін, сенім-нанымын, дүниетанымын, бастан кешкен қайғысы мен қуанышын жинақтайды- бір сөзбен айтқанда, халық өзінің рухани өмірінің барлық іздерін халық сөзі арқылы мұқият сақтайды. Тіл дегеніміз халықтың өткені, қазіргі және келешек ұрпақтарын бір ған ұлы, тарихи тірі әрі тұтас нәрсеге біріктіретін ең жанды, ең мол әрі кері байланыс» [6, 322 б.]. Қазақ халық педагогикасының негізін қалаған ғалымдардың бірі Қ.Б.Жарықбаев халықтық педагогиканы - тәрбиенің мақсаты мен міндетіне деген үстем көзқарасты білдіретін халық тәжірибесінің эмпирикалық педагогикалық білім саласы ретінде қарастырса, зерттеуші ғалым С.Қ.Қалиев: «халықтық педагогика-бірнеше ғасыр бойы эмпирикалық негізде жалғасып келе жатқан, жас ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық озық салт-дәстүрлердің жиынтығы»-десе, белгілі зерттеуші ғалым С.А.Ұзақбаева өзінің «Қазақ халық педагогикасы» атты оқу құралында «қазақ халық педагогикасы- халықтың ұжымдық шығармашылығының құрамдас бөлігі ретінде, педагогикалық мәдениетінің көрінісі ретінде сонау көне дәуірде туындаған. Ол халықтың жасампаз шығармашылық тәжірибесін, азды-көпті орнықты қағидаларын, арман-мүддесін, қоғамдық мінез-құлық ережелерін, ұрпақ тәрбиесі туралы көзқарасын бейнелейді» -деп анықтама береді. Сондай-ақ, ол «бүгінгі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған адам баласының қолынан шыққан көркем туындыларда (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, аңыз-әңгімелер, ертегілер, эпостық жырлар, термелер, әндер, күйлер, сәндік қолөнер және т.б.) халықтың педагогикалық мәдениетінің баға жетпес байлығы айқын көрініс тапқан» -дейді [5, 56 б.].

Халық педагогикасының теориялық негіздерін зерттеуші ғалым Е.Л. Христова халық педагогикасын - «халықтың таптық-педагогикалық санасы» деп, ал «дәстүрлі педагогиканы- ұлттық педагогиканың белгілі бір саласы» ретінде қарастырады. Зерттеуші педагог Г.С. Виноградов халық педагогикасын халықтың педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны «жүйе» дегеннен гөрі, «білім мен дағдылар жиынтығы» деген пікірді құптап келген [4, 75 б.]. Халықтық тәрбие болашақ ұрпақ, қазіргі ұрпаққа терең жүйемен адамгершілік қасиеттерді санасына бойына мәңгіге қалыптастырады, әрине қалыптастыратын саналы ұрпақ болса. Біздің қанымызға берілетін адалдық-адамгершілік қасиеттер, өткірлік сыпайылық барлығы тәрбие арқылы сіңеді. Адам баласы алғашқы кезден ақ өз ұрпағын өмірге, еңбекке үйретіп, жеткізіп келе жатқанын біз білеміз. Қазіргі уақытта көптеген адамзат үшін пайда болған және оған қызмет етіп келе жатқан ғылым салалары бар, соның бірі халықтық педагогика жоғарыда айтып өткеніміздей.

Сонымен қатар, халықтық тәрбиенің негізгі құраушысы және ұрпақтар сабақтастығын сақталуының негізгі көрінісі болып табылатын бұл жоғары да айтып өткеніміздей «жеті ата» ұстанымы. Бұл ұғымға кеңінен тоқталып өтсек, «жеті ата» — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы және т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ата-тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене [7, 16 б.].

Жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған. Ол отбасының, рудың,

халықтың өмір тіршілігінде жақсылыққа деген сенімін орнықтырып, пәтуа-бірлігінің ұйытқысы болған. Осылайша қазақтың нақтылы өмір-тіршілігіне тірек болған сенім мейлінше ықпалды да жаңашыл құралға айналған. Ұрпақтардың тікелей сабақтастығы арқылы беріліп отыратын мұндай сенім өмір-тіршіліктің ойы мен қырында адамның ішкі қуатына айналып, өресін әлдеқайда биіктетіп отырған. Мұндай сенім сыртқы дүлей күштің зорлық-зомбылығы тудырған қиын кезеңдерде жеке адам мен тұтас халықтың таңдауының тарылмауына, ойынан адаспауына, жүрегі мен арының таза болуына, сол арқылы тарихтың небір қиын қыстау тәлкегінде дұрыс жол тауып отыруға себепші болған. Жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары бабалар рухының алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған. «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы». Көшпелілердің осынау өмірлік ғажайып психологиясы ғасырлар сынынан өтіп, шегіне жете шындалған. Бір ауыз сөздің аясына сахара төсіндегі мінез-құлық, салт-жора, моральдық этикалық сапа, адамдар арасындағы қарым-қатынас қалыптары сияқты қасиеттердің баршасы шоғырланған. Жеті ата ұстанымын тұғыр еткен қазақтардың барша материалдық және рухани өмірі ру аралық қарым-қатынастың айнымас әдебіне бағынған. Сондай-ақ бұл ұстанымның аясына қазақ өмірінің қылдай ауытқымайтын моральдық кодексі де, салт-дәстүр мен тыйым жораларының негізі де қамтылған. Халық педагогикасының сарқылмас мол қазынасындағы баға жетпес байлықтардың бірі әдеп тәрбиесі. Әдеп-белгілі бір халықтың әдет ғұрпында тұрақталып, қалыптасқан этикалық тәртіп. Ар-ұятқа кір келтірмеу кісіліктің басты белгілерінің бірі деп түсінген халық «Жарлы болсаң да арлы бол», «Ар-ұяты бар адам ғана иман жүзді келеді» -деп жастардың санасына құйып отырған. Әсіресе қыз баланың ар-ұжданын сақтау мәселесіне жауапкершілікпен қараған. Бұл тұрғыда оларға көптеген ақыл-кеңестер берген, халыққа сыйлы кейбір азаматтардың (қыздардың) жеке басының өнегелі істерін, қылықтарын үлгі ету арқылы әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеген. Ұлы Абай да қазақ қыздарының нәзік жаны мен ибалы-қасиеттерін, әдебі мен жүріс-тұрысын, сұлулығы мен ар-ождан тазалығын, кескін-келбетін, бітім-болмасын әсерлі теңдеулермен жырға қосады («Көзімнің қарасы», «Қаламқас», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»). Жоғары адамгершілікті қасиеттер адамның сана-сезімінен, мінез-құлық мәдениетіне, әдепті ізгі істерінен, сөйлеу қабілетінен байқалады, «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез... бұзылма-сын!.. мінезде азғырмайтын ақылды, арды, сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын!.. Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» - деп, балалар мен жастарды жеңілтектіктен бойын аулақ ұстауға, біреудің сөзіне орынсыз ермеуге шақырады, адамды көрікті көрсететін мінез деген ұғымға бағдарлайды. Ұлттық әдептің негізі болып қаланған осы қағидалар «Қазақ халқының мінез-құлықтық, моральдық-этикалық дәстүрлерінен» жан-жақты көрініс алып, қаншама ұрпақтың моральдық-этикалық мәдениетінің негізін қалады [4, 83-85 б.].

К.Қ. Қожахметова өзінің «этнопедагогика» оқулығында этникалық тәрбиенің түрлері: ақыл-ой, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбек, эстетикалық тәрбие және т.б. әр қайсысына тоқталып, мысалы: халықтық тәрбиеде жетілген адамның жетекші қасиеті ақылы болады, ол еңбектегі біліктілігі мен ептілігінің дамуын қамтамасыз етті. Халықтық тәрбиедегі адамгершілік негіздердің бірі- еңбекке деген белсенді қатынастардың дамуы, яғни:

- жеке еңбегінің қажеттігін сезіну, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, кез келген жұмысты атқаруға дайындау;
- кез келген еңбекпен оның нәтижесіне деген құрметке тәрбиелеу;
- еңбек әрекетінің дәстүрлі түрлеріне қатыстыру, практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- ұжымдық еңбекке деген қажеттілікті дамыту, өзара көмек көрсетуге бағыттау сияқты құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндіктер жасады.

Ата-аналардың, үлкендердің өнегесі, қоғамдық пікір, еңбексүйгіш адамдардың қызу қолдауы, кез келген еңбекке деген психологиялық даярлықты қалыптастырады [7, 158 б.]. Қазақ халықтық тәрбиесінің ерекшелігі жас ұрпақ дүние есігін аша салысымен, оған құрметпен қарауы және тәрибесіне немқұрайлы қарамай, сол кезден ақ қойылатын талаптар болады. Жаңа ұрпақ әлеуметтік және ұлттық ортада тәрбиеленеді. Ол жастайынан әлеуметтік-экономикалық қатынастарға араласып, халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, өмір салты, мәдениеті ықпалымен өседі. Бала аға ұрпақтың тілін меңгеріп, оның рухани құндылықтарына бауыр басып, мінез-құлық, жүріс-тұрысы әсер етеді. Халқымыздың мінез-құлық, жүріс- тұрыс нормалары оның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының өзегі, қазақ салттарының негізіне алынған моральдық кодекс:

- балалардың борышы- ата-ананы құрметтеу;
- ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды;
- ананың алдында асқар тауда аласа;
- анасына орын ұсынбаған, әкесіне қолын ұсынбас; т.б логикалық жүйесі тереңде жатқан көптеген талаптарды барлығымызға тән [8, 97 б.].

Осы жерде, жоғарыда атап өткеніміздей, халықтық педагогикадағы тәрбиенің түрлері бар дедік соның ішінде: бала дүние есігін ашпай жатып ана құрсағында тәрбиеленетіні көбімізге қазіргі уақытта белгілі деп ойлаймын, яғни «құрсақ тәрбиесі» Халқымыздағы құрсақ тәрбиесі туралы мысалдар келтірер болсақ, жас келіннің бойына бала біткенін сезген ене өз қамқорлығына алып, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтаудың шарасын істей бастайды. Абысын-ажын, енелері ауыл әйелдерін жинап, құрсақ тойын өткізеді. Оған жиналған әйелдер қауымы шашуларын әкеп шашып, келінге бата, тілектерін білдіреді. Оның аман-сау аяқ-қолын бауырына алуына тілеу білдіріп, шашу шашып, датарханды түрлі дәмге толтырып, саулық жасайды. Ғұрып бойынша бала біткен келіншекті «аяғы ауыр», ішінде «көжегі бар» деп тұспалдап айтады. Бұл сөздің мәнісі жас келін қысылып ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын деген ойдан шыққан. Бала дүние есігін ашар алдында анасын «Жер-ана қуат бер» деп жалаңаяқ жүргізеді. Толғата бастаған келіннің енесі қыстай сақтаған жылы жұмсағын қазанға салып, «жарыс қазан» асу қамына кіріседі. Бұл келін тез босансын деген ниеттен туған ырым. Одан әрі қарай, ат қою(ғұрып) ,бауырына салу(ғұрып) және бесікке салу(салт) рәсімдері болады. Бесікке салу салты қырқынан шыққан соң өткізіледі. Қазақ баласын ағаш бесікке салып асырайды. Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болған. Бесікке салмас бұрын құран оқылған. Баланы алғаш рет бөлеу рәсімі елдің тәрбиелі, өнегелі, ұрпақ өсірген құрметті анаға тапсырылған. Ол бесікті отпен аластап, сәбиді бесікке бөлер кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты», «тышты», деп ырым жасайды. Оны тыштырма (дәстүр) деп атайды [8,146 бет]. Міне, осындай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер нағыз берік ұлттың, бақытты баланың көрінісін көрсетеді. Ұрпақтар сабақтастығында аға буынның орта мен кіші буынның рухани байланыста болып үнемі үйлесімділікте жүруі Ата мен Әке және балаға байланысты болып табылады.

Нәтиже. Халық тәрбиесі, тәжірибеге және қалыптасқан дәстүрлерге сүйенген, сүйеніште келеді. Кез келген халық тәрбиешісі этикалық немесе әлдебір басқа ағарту ісімен ешқашанда арнайы шұғылданбаған. Ол мұның бәрін үйрете немесе көрсете (менің істегенімді істе) отырып, іс-әрекет барысында атқарған. Халық тәрбиешілері тіпті балаларға ертегі айтып, жұмбақ жасыра отырып та жеке тәрбие мақсаттары жөнінде және халықтың ауызша шығармашылығының белгілі бір туындысының мүмкіндігі жөнінде айтуға ұмтылған. Халық бәрін нақты етіп алып, ұтымды пайдаланып ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Сонымен қатар, біздің қазақ ойшылдары өз еңбектерінде халықтық тәрбиенің адамның тәрбиеленуінде аса маңызды қажет екенін баса айтып отырған, мысалы: М. Жұмабаев халық педагогикасын дамытуға үлес қосқан қазақтың аса көрнекті ақыны, педагог. Ол: «Тәрбие мақсаты-адам деген атты құр жалған қылып жапсырмай, шын мағыналы адам

қылып шығару» деген пікірді келтіреді. М. Жұмабаев жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсаты мен ұлт өкілін тәрбиелеу мақсатын бірлікте қарастырады. Осыған байланысты тәрбиешілердің ұлттық тәрбиемен таныс болу керектігін атап көрсетеді. Х. Досмұхамедов, М. Дулатұлы, М. Әуезов ұрпақтар сабақтастығының берік сақталуында ана тілінің алатын орны орасан екенін көрсетсе, Ж. Аймауытов тәрбиедегі отбасы, баланың құрбылары, тума-туыстардың маңызына тоқталады. «Ата-ана, қоршаған ортадан кейінгі балаға күшті әсер ететін баланың құрбылары, жолдастары» деген. Туған-туыстардың әңгімелері, ана тілі, дүниетанымы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, тұрмысы балаға аз әсер етпейтіндігін жазады. Бала мінезі халық мінезіне ұқсайтындығын дәлелдегісі келеді. Ж. Аймауытов педагогикалық үдерісте баланың ақыл, сезім, ерік-жігерін, мінезін тәрбиелеу керектігін атап көрсетті. Балаға туған елдің салт-санасын, әдет-ғұрпын көрсетуді ұсынды. Ж. Аймауытов сонымен қоса, баланың тіл байлығын арттыруға ерекше көңіл бөлді. «Ана тілі-мәдениетті меңгерудің басты құралы» деп атап көрсеткен [8, 72-73 б.].

Сонымен қорытындылай келе, халық өзінің біреуден естіп, ұнатқандарын өңдеп, толықтырып, келесі ұрпаққа жеткізіп отырады. Отбасында бала дүниеге келген күннен бастап, сан-алуан рәсімдердің болатынын, ал ер жеткенге дейін ол рәсімдердің екі есеге көбейетінін жақсы білеміз. Халық ұлы өркениеттің мұрагерлері, көшпелілер әлемінде мәдениет пен шаруашылықты бірге алып жүре отырып, тағдыр тәлкегіне түскендеріне қарамастан олар ұлттық рухты көтере білді, ұлттық мүдде үшін жұмыс жасады, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-рухани мұраларды өшіріп алмады, аға буын мен кіші іні буынның арасында берік сабақтастықты сақтап отырды. Тек қана келер ұрпаққа білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға таратпасақ бабаларымыз мұрадан мұраға жеткізіп отырған тілімізді, дінімізді мәдениетімізді жоғалтып алуымыз мүмкін. Олай болса, қазақ халқы ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген, саликалы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етіп оны бүгінгі күнге жеткізген болса, мұндай тәрбиенің тәжірибесін одан әрі жетілдіріп ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жалғастыру болашақ ұрпақтардың басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 39 б.
2. Философский энциклопедический словарь. – М.: Госполитиздат, 1975. – 256 с.
3. Баллер Э.А. Коммунизм. Культура. Человек. 2-е изд перераб.и.доп. – М.: Сов.Россия, 1984. – 196 с.
4. Қалыбекова А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. 2 басылым. – Алматы: БАҰР, 2015. – 285 б.
5. Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 556 б.
6. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. – М.: Педагогика, 1990. – Т. 6. – 322 б.
7. Қожахметова Қ.Ж. Этнопедагогика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 158 б.
8. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. – Астана, 2008. – 146 б.

К.К. Шалгынбаева, А.М. Сулеймен

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль народного воспитания в сохранении преемственности поколений

Аннотация. В данной статье рассматриваются преемственность поколений как социальная проблема в современном обществе и причины появления «домов престарелых». Освещены роль и значение семьи и этнопедагогики в сохранении преемственности поколений. Народное воспитание играет главную роль в сохранении и гармоничном осуществлении преемственности поколений. Мнение о национальном воспитании имеют не только представители казахской национальной педагогики, но и зарубежные ученые. В статье приводятся примеры, связанные с воспитанием

«девочек», «мальчиков», с институтом «семи предков», традициями и национальной культурой.

Ключевые слова: преемственность поколений, дом престарелых, семья, воспитание, этнопедагогика, традиция.

K.K. Shalgynbayeva, A.M. Suleimen

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The role of generic pedagogy in preserving the continuity of generations

Abstract: In this article, the continuity of generations as a social problem in modern society and one of the current problems, the reasons for the emergence of the “home for the elderly” are considered. The role and importance of the family and ethno-pedagogy in the preservation of the success of generations are presented. Public education plays a major role in the preservation and continuation of the gloricity of generations. Not only representatives of the Kazakh national pedagogy, but also foreign scholars have an opinion about national education. The article gives examples about the education of a “girl”, “boy”, the institute “seven ancestors”, traditions, national culture.

Keywords: the succession of generations, home for the elderly, family, upbringing, ethno-pedagogy, tradition

References

1. Nazarbaev N. Tarih tolkynynda. [In the stream of history] (Atamura, Almaty, 2003, p.39).
2. Filosofskij ehnciklopedicheskij slovar' [Philosophical encyclopedic dictionary] (Gospolitizdat, Moscow, 1975, p. 256).
3. Buller E.A. Kommunizm. Kul'tura. Chelovek [Communism.Culture.Man]. 2nd ed. Revised dd (Sov. Russia, Moscow, 1984, p. 196).
4. Kalybekova A. Kazak halyk tarbiesinin asyl murasy(ekinshi basylym) [The noble heritage of Kazakh national education (second edition)] (AUCA, Almaty, 2015, 285 p.).
5. Uzakbaeva S. Kazak halyk pedagogikasy: oqu kuraly [Kazakh folk pedagogy. Tutorial] (Almaty, 2012, 556 p.).
6. Ushinskiy K.D. Pedagogicheskie sochineniya: v 6 t. [Pedagogical consensus. In six volumes] (Pedagogika, Moscow, 1990 (6), 322 p.).
7. Kozhakhmetova K.Zh. Etnopedagogika: Oqulyk [Ethnopedagogy: Textbook] (Almaty, Kazakh University, 2014, p. 16,158).
8. Mukanova B., Ilyasova R. Etnopedagogika [Ethnopedagogics] (Astana, 2008, 146 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сүлеймен А.М. – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shalgynbayeva. K.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Suleimen A.M. – Master of 2 course in the specialty «6M012300 - Social Pedagogy and self knowledge», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.